



БҰЙРЫҚ № ~~171~~

ПРИКАЗ № ~~171~~

« 29 » 08 2025 ж/з
Қуандария ауылы

аул Қуандария

**2025-2026 оқу жылында міндетті оқу қоры
есебінен берілетін қаржылай көмек пен
тамақтандыруды ұйымдастыру және
комиссия құрамын бекіту және жауапты
маманды белгілеу туралы**

Аудандық білім бөлімінің 22.07.2025 жылғы №968 санды қатынас хатын
орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

«Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» және жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес 2025-2026 оқу жылындағы жалпыға бірдей міндетті оқу қоры қаржысы есебінен мектеп асханасынан әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды қаржылай көмекпен және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылар тізімін анықтап нақтылап, көмек көрсету ұйымдастырылсын.

Әлеуметтік қолдауға жататын мектеп оқушыларына берілетін көмек көрсету туралы төмендегі комиссия құрамы бекітілсін.

2.1. Б.Әбдібаев – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасы

2.2 Н.Байшуақов- мектеп директорының бағдарлы орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары.

Мүшелері:

- 2.3. Т.Сыдықов- қамқоршылық кеңестің төрағасы
- 2.4. Р.Мұстафаева -ата-аналар комитетінің төрайымы
- 2.5. Г.Алдамжарова-Кәсіподақ комитетінің төрайымы
- 2.6. А.Абубакирова -әлеуметтік педагог
- 2.7.М.Үсенбаева–бас есепші

3.Әлеуметтік қолдауға жататын мектеп оқушылары ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) байланыс жасай отырып, құжаттарын уақытыл өткізу сынып жетекшілеріне және өтініштерді қабылдауға жауапты болып мектептің әлеуметтік педагогы А.Абубакирова бекітілсін .

4.Сынып жетекшілеріне сыныптағы оқушылардың әлеуметтік жағдайына талдау жасап, санаттарына сәйкес құжаттардың уақытылы жинақтап өткізілуіне ықпал жасау тапсырылсын.

5.«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес «egov.kz» сайтына өтінімдер тіркелудің барысын қадағалау әлеуметтік педагог А.Абубакирова міндеттелсін.

6..Осы бұйрықтың орындалуына басшылық, бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Г.Карибаев